

УДК 81'272:327

Қ. Айтмұхаметова,
Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы Дипломатия
институты Мемлекеттік және шет тілдері
кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

ДИПЛОМАТТЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Мақалада тіл мен адамның арасындағы байланысқа назар аударылады және бірінші орынға тілдік тұлға мәселесі қойылады. Сондай-ақ дипломаттарды кәсіби дайындау кезінде қарым-қатынас біліктілігі аса маңызды құрастырушылардың бірі ретінде қарастырылады.

Тірек сөздер: тілдік тұлға, сөз мәдениеті, коммуникативтік біліктілік, тілдік норма.

Аннотация

В статье акцентируется внимание на связи языка и человека и на первый план выдвигается проблема языковой личности. Также рассматривается коммуникативная компетенция – одна из наиболее важных составляющих профессиональной подготовки дипломатов.

Ключевые слова: языковая личность, культура речи, коммуникативная компетенция, языковая норма.

Abstract

In article the attention in interrelation language and the person is focused and the problem of the language personality is put in the forefront. Also in article considers communicative competence – as one of the most important component of the professional training of diplomats.

Key words: language personality, culture of speech, communicative competence, language norm.

Тіл біліміндегі сөйлеуші адамды зерттеуге деген қызығушылықтың арта түсуінің бір себебі, соңғы кездері коммуникация актісіндегі өзгерістерге байланысты. Лингвистикалық зерттеулерде «адам мен тіл біртұтас құбылыс, оларды бөлек зерттеуге болмайды» деген тұжырымды ойлар жалғасуда. Осындай зерттеулердің негізінде жиырмамыншы ғасыр тілдік тұлғаға деген қызығушылықтың бірден өсуімен ерекшеленеді. Тілдік тұлға қалыптастыру проблемасы қоғамның сұранысына және құндылықтардың өзгеруіне қарай пайда болды. Тұлғаның өзіндік қасиеті – бұл жеке адамның өз басына ғана тән, қайталанбас қасиеті, оның тұлға болып қалыптасуы, өсуі, басқа адамдарға ұқсамауы. Ол тұлғаның танымдық, коммуникативтік, конструктивтік қажеттіліктерінен көрінеді.

Кәсіби білікті адам тілдік қарым-қатынастың әр түрлі формаларын жете меңгеруі керек. Бұл – нарық пен демократияға бет бұрған заманның талабы. Әсіресе, нарық заманының адамы тілдік қатынаста тек өз саласымен шектеліп қалмай, шаршытоп алдында пікірталасқа түсудің логикалық, әлеуметтік, психологиялық жақтарынан хабардар болуға тиіс. Осы жайттарды дұрыс меңгергенде ғана тілдік құралдарды, стильдік амал-тәсілдерді мүмкіндігінше тиімді пайдалануға болады.

Қазіргі кезде қарым-қатынастың типтері мен түрлері, бұқаралық коммуникация, ресми қарым-қатынас барысындағы сөзжұмсам, бейресми қарым-қатынастағы сөзжұмсам, шаршысөз мәдениетін меңгеру қоғамдағы аса маңызды мәселелердің бірі болып отыр.

Мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы жұмыстары кәсіби мамандардың бір-бірімен тиімді қарым-қатынасқа түсуі арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан да мемлекеттік қызметшінің сөз мәдениетін көтеру арқылы жеке тілдік тұлғасын қалыптастыру қажет, оған тілдесім тұрғысынан келу керек. Еркін ойлайтын, батыл шешім қабылдайтын, өз білімін қызметінде қолданатын, өз іс-әрекетіне жауап беретін жан-жақты тұлға қалыптастыруды, сондай-ақ интеллектуалдық деңгейінің өсе түсуін, рухани дүниесінің баюын, шығармашылық қабілетінің дамуын, ішкі мүмкіндіктерінің ашылуын мақсат етіп қойған дұрыс. Ал сөздік қоры бай, қатысымдық біліктілігі жоғары коммуниканттың деңгейі де жоғары болады. Көпшілік жиналған ортада сөйлеу үшін өзінің сөйлеу стилін қалыптастыруда хат жазысу ісі жақсы мектеп бола алады. Хаттарында тек тұрмыстық сипаттағы мәселелер ғана емес, әлеуметтік мәні бар мәселелерді де қозғап отыру қажет. Сөйлеушілердің сөйлеу әрекетіне талдау жасай білу – шешендік тәсілді меңгерудің бір жолы. Жиналыс, конференцияларда, дәрістерде сөйлеген

немесе радио, теледидардан тыңдаған шешендердің сөзінің мазмұнына ғана көңіл аударып қоймай, материалдарды беру тәртібіне, тілдік шеберліктеріне, шешендік әдістеріне де көңіл бөлген жөн. Сонымен қатар, бұқаралық коммуникацияда не ұнайды, не ұнамайды, қандай әрекеттері, қандай тәсілдері, қай сөздері сәттілікке жеткізді, қайсысы сәтсіздікке ұшыратты дегендерге талдау жасаған дұрыс. Әсіресе, сөйлеушінің аудиториямен қарым-қатынасына, өзін-өзі ұстауына назар аудару керек.

Сөйлеушінің қызметі қандай сатылардан тұрады, сөйлейтін сөзді қалай орналастыру керек, тыңдаушылармен кездесуге қалай дайындалу керек, аудиторияны меңгерудің қандай амалдары бар екенін жақсы білу қажет. Шешендік өнердің тарихында әйгілі шешендер өзімен көп жұмыс істеген, сөйлеуге тыңғылықты дайындалған. Күнделікті дайындықтың нәтижесінде сөйлеушінің кәсіптік шеберлігі артады, өзіне деген сенімі нығаяды. Осыған сәйкес сөздің қасиетін сезіне білген мынадай танымал тұлғалардың пікірін келтіруді жөн көрдік. «Сөйлей алмаған адам мансап жасай алмайды» (Наполеон), «Сөйлемейтін жерде сөйлесең, сөзің жоғалады. Сөйлейтін жерде сөйлемесең, өзің жоғаласың. Хас сөздің зергері сөзін де, өзін де жоғалтпайды» (Конфуций), «Маған 10 минуттық сөйлеуге дайындық үшін бір апта, 15 минут сөйлеу үшін екі күн, жарты сағаттық сөз үшін бір күн керек. Ал бір сағат сөз сөйле десе, қазір-ақ сөйлеп беремін» (Вудро Вильсон) деген пікірлерінен нақты, дәл, орынды, әсерлі әрі бай сөйлей білуі керектігін және сөйленетін сөзге тыңғылықты дайындықтың керектігін байқауға болады, яғни тілдің ұтқырлығы сыртқы саясатты жүргізетін маманның имиджін қалыптастырары анық.

Халықаралық қатынастар саласында негізінен ресми-іскерлік стиль қолданылады. Ресми-іскерлік қатынас деп адамдардың кәсібі, мамандығымен байланысты қызмет орындарында, мәдени-көпшілік мекемелерде жүзеге асатын қарым-қатынастың түрін айтамыз. Мұндай орындардағы қарым-қатынастың түрі ресми сипатта болады. Мемлекеттік қызметшілердің, оқытушы мен магистранттың және келіссөздер жүргізу барысындағы елшілердің арасындағы қарым-қатынас ресми-іскерлік қарым-қатынасқа жатады.

Ресми-іскерлік қатынастың жазбаша және ауызша түрлері болады.

Ресми-іскерлік қатынастың жазбаша үлгілеріне жеке адамдардың құжаттары, түрлі мекемелердің іс қағаздарынан бастап мемлекеттік мәндегі заң актілері, ережелер, мемлекеттік бағдарламалар, мемлекеттік тұжырымдамалар, Конституция, дипломатиялық құжаттар т.б. қоғамдық-құқықтық мәні аса зор құжаттар жатады.

Жалпы дипломатиялық қызметке қатысты еңбектер өте көп. Солардың ішінде И. И. Борисенко мен Л. И. Евтушенконың тұжырымдауынша, дипломатиялық құжаттарды мынадай топтарға бөледі:

1. Келісімшарттар және басқа да халықаралық келісімдер:

- келісімшарт;
- конвенция;
- келісімдер;
- декларациялар;
- протоколдар.

2. БҰҰ-ның конституциялық және басқа да халықаралық ұйымдардың актілері:

- БҰҰ хартиясы (жарғысы);
- Халықаралық сот жарғысы;
- БҰҰ-ның арнайыландырылған мекемелерінің конституциясы.

3. Біржақты заңды актілер:

- ратификация;
- келісімшартқа қосылу;
- ескертпе, ратификацияға қосымшалар;
- келісімшартты бұзу (денонсация).

4. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының және басқа да халықаралық ұйымдардың резолюциялары және есептері:

- резолюциялар (шешімдер, ұсыныстар, директивтер);
- процедураның ережелері;
- есептер.

5. Қорытынды құжаттар:

а) үкіметаралық іссапарлар және келіссөздердің қорытынды құжаттары:

- коммюнике;
- өтініштер;

- декларациялар;
- келіскендік туралы меморандумдар;
- ә) халықаралық конференциялардың қорытынды құжаттары:
- қорытынды актілер;
- декларациялар.
- 6. Дипломатиялық корреспонденция:
- а) БҰҰ корреспонденция:
- ресми хаттар;
- бейресми хаттар;
- вербалды ноталар;
- жадынама тілхаттар/меморандумдар;
- ә) мемлекетаралық дипломатиялық құжаттар;
- б) өзге де дипломатиялық құжаттар;
- агремандар;
- консулдық патент;
- экзекватура;
- грамоты (сенім, кері шақыру)
- құзыреттілік [1].

Дипломатиялық құжаттың тілі – әрбір мемлекеттің басқа мемлекетпен байланысқа түсетін тілі. Сондықтан көп жағдайда мемлекеттің дайындаған дипломатиялық құжатының тілінен сол мемлекеттің бейнесін көреді. Сондықтан да, тілге, дипломатиялық құжаттардың жазылуына өте жоғары талаптар қойылады.

Бетпе-бет отырған бір адамға қарата айтылған сөзден бастап, сөйлеушінің көпшілік қауымға қарата айтқан сөзі ресми-іскерлік қатынас тілінің ауызша түріне жатады.

Мемлекет, қоғам, өнер, ғылым қайраткерлерінің, саяси партиялар жетекшілерінің жұртшылық алдында сөйлеген сөздері немесе бұқаралық ақпарат арналары арқылы қоғамдық-әлеуметтік мазмұнда сөйлеген сөздері, жоғары оқу орындары оқытушыларының студенттерге, магистранттар мен докторанттарға оқыған дәрістері, мектеп мұғалімдерінің оқушыларға сабақ түсіндіруі, сот процесінде адвокаттың сөзі, келіссөз жүргізу барысындағы елшілердің сөздері, т.б. ресми-іскерлік тілдің ауызша түріне жатады.

«Тілдік тұлға» мәселесінде басты ерекшелік тұлғаның жай саналы адам ұғымынан кең көлемге өзінің тілдік ерекшелігі арқылы көрінуінде жатыр. Бұл аралықта индивидтің, алдымен тұлғаға айналып барып, кейін тілдік тұлға дәрежесіне көтерілуі ескеріледі. Халқымыздың рухани мәдениетін құрайтын шешендер мен батырлардың, билер мен ақындардың т.б. тұлғалардың тілдік тұлғаға айналуы нәтижесінде олардан қалған асыл, нақыл сөздер ауыздан-ауызға тарап, халық жадында сақталады. Кез келген тұлға өзінің тілдік емес басқа қасиеттерімен жұртқа танылғанымен, тілдік тұлға бола алмайды.

Сондықтан да мемлекеттік қызметшінің тілдік тұлғасын қалыптастыруда ең алдымен, әдеби тілді қалай меңгергеніне көңіл бөлу қажет. Сөйлеуші өзіне тән тілдік ерекшеліктерімен қатар, жалпыға ортақ әдеби тілдің, сөз мәдениеті мен жазу мәдениеті нормаларынан хабардар болуға міндетті. Адамның іс-әрекеті, ойлауы қандай орнықтылықты, ұқыптылықты қажет етсе, оның тілі де соған лайық болу керек. Ол сөз мәдениетінің нормаларын білгенде ғана іске асады.

Сөз мәдениеті мен жазу мәдениеті деген терминдер қатар ұғымда жұмсалады. Өзара мағыналас болғанымен, олардың бір-бірінен айырмашылығы да бар. Сөз мәдениеті дегеніміз – тілдік, коммуникативтік, этикалық нормаларды сақтай отырып, тілдік құралдарды, амал-тәсілдерді қарым-қатынас жағдаятына, ерекшелігіне сәйкес талғап, таңдап қолдану арқылы дiттеген коммуникативтік мақсатқа жетуге барынша мүмкіндік беретіндей етіп тиімді түрде ұйымдастыру.

Сөз мәдениетіне қатысты негізгі ой-тұжырымдарды бүгінгі заман талаптарымен үндестіріп және сөз мәдениетін арнайы сала ретінде зерттеуші ғалым Н. Уәли «Тілдік тұлға тек тілдің ғана субъектісі емес, адресант және адресат ретінде сөздің де субъектісі. Дәстүрлі парадигма сөз мәдениеттің түп қазығы, орталық ұғым тілдік норма болса, ендігі жерде, жаңа парадигмада сөз мәдениетінің түп қазығы тілдік тұлға болуға тиіс, – деген тұжырым жасайды.

Адамды, оның жан дүниесін тілінен тыс зерттеуге болмайтынына, сондай-ақ тілді де адам арқылы, адамның жан дүниесі арқылы зерттемей болмайтынына назар аудара отырып адам өз сөзінің иесі, өз сөзінің қожасы болса, тілдің иесі де, қожасы да халық деген ұстанымды негізге алады [2, 105-б.].

Жалпы сөз мәдениеті, мәнерлі сөйлеу туралы ілім Еуропа елдерінде көне грек, көне рим заманынан бастау алады. Ғылымға белгілі, шешендік өнердің алғашқы теориясы мен практикасын жасаушылар көне грек ілімпаздары – Аристотель, Георгий, Трасимах, Сократ, Платон, Теофраст т.б. Олар жазу мен сөйлеу стилінің сыртқы белгілеріне: анықтығы, тазалығы, әсемдігі, қысқалығына тоқталып, бұл белгілерді адамды сендірудің әдіс-тәсілдері ретінде қарастырады.

Халқымыздың «жүзден біреу – шешен, мыңнан біреу – көсем» деген мақалынан шешендік өнерге үлкен көңіл бөлінетіні аңғарылады. Ерекше шешендік қабілеті бар кісілер елді аузына қаратып сөйлеген. Халық оларды ұйып тыңдаған. Әрине шешеннің де шешені бар. Қазақта ондай адамдарды «Тілдің майын тамызып, сөздің балын ағызып, қас шешендер сөз айтар» деген. Шешендік өнер қазір де жоғары бағаланады. Тіл өнеріне, сөйлеу мәнеріне қойылатын талаптар шешендік өнерге де қойылады. Шешендік өнер – сөз мәдениетінің ең жоғарғы сатысы.

Сөйлеу барысында көбіне кездесетін кемшіліктердің бірі – сөз арасына жаңағы, яки, яғни, және, мінекей, жалпы, маған, иә, мәселен, әлгі т.б. сөздерді орынсыз қыстыра беру. Сонымен қатар, значит, так, пока, уже, допустим, вообще, и, в общем, после т.б. сияқты сөздерді қайталай беру сөз мәдениетінің нормаларын бұзу болып саналады.

Тілдік тұлға ұғымының өзі оны сипаттаудың лингво-психологиялық аспектісін білдіреді, соған сәйкес тілдік тұлғаның қалыптасуы лингвистика, психология т.б. бірқатар пәндердің тоғысында өтуі мүмкін.

Тұлғаның тілдік даму мәселесінің аспектісі ретінде өзара байланысты екі бірліктен тұратын тілдік қабілет: орта, оқу, тәрбие және табиғи алғышарттар, мидың және жүйке жүйесінің туа біткен анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері қарастырылады.

Тілдік қабілеттің тілдік, сөйлеу және интеллектуалдық компоненттерді қамтитын өзіндік құрылымы болады. Көптеген ғалымдар тілдік сезгіштіктің екінші түрін тілдік ереже мен норманы білуге негізделген, саналы түрде жалпылау деп түсінеді. Осыған сәйкес, тілдік қабілет биологиялық жолмен емес, қарым-қатынас кезінде қалыптасатындығы белгілі болады [3, 127-6.].

Осы тектес тұжырымдармен сабақтастырып қазақ тіл біліміндегі сөз мәдениетін зерттеуші Н. Уәли: «Сөз мәдениеті әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стильдік, орфографиялық, орфоэпиялық нормаларын меңгеру, бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасау мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білу» деп анықтайды [2].

Тілдік тұлғаны зерттеуші ғалымдардың бірі В. В. Виноградовтың «Саясаттың тарихы туралы» деп аталатын еңбегінде сөз болады [4].

Тіл зерттеушісі Ю. Н. Карауловтың ойынша, тілдік тұлға қалыптастыруға қажет талаптар мыналар:

- өз ана тілінде жүйелі, анық, түсінікті сөйлеу;
- сөздің тілдегі орфоэпиялық, грамматикалық, лексикалық нормаларға сай құрылуы;
- сөздің бейнелі бояуы, сөздің тыңдаушының қажетіне сай болуы т.б. [5, 35-37 б.].

Лингвист ғалым Г. И. Богин тілдік тұлға қалыптасуының бес деңгейін анықтады. Олар: «Жеті жаста тілдік тұлға қалыптасуының бірінші деңгейі – дұрыстық деңгей пайда болады», – дейді. Бұдан әрі, «бұл деңгей өзге деңгейлердің қалыптасуына жол ашады. Екінші деңгей іштей ойлау қабілетінің дамуын арттырып, осы деңгей көлемінде сөйлеуге іштей дайындалуды іске асырады. Үшінші деңгей сөздік қордың толығы, көптеген грамматикалық форманы меңгеруді қалыптастырады. Төртінші деңгей мәтін мазмұнына таңдау бостандығы мен көзқарас кеңдігін қамтамасыз етеді. Тілдік тұлғаның шығармашылығының толығы, оның келешекте жүзеге асуы мен мәтінге сын көзбен қарау. Бесінші деңгей тілдік талғамдық қатынастың бірлігі» [6, 68-6.] деп бөледі.

Тілдік тұлғаны қалыптастыру ұлттық тілдік ортадан басталады. Оның дамуына сыртқы және ішкі фактор әсер етеді. Әлеуметтік фактор сыртқы факторға, ал психология, биология ішкі факторларға жатады. Әлеуметтік фактор ретінде отбасы, қарым-қатынас жасайтын ортасы, қызметі, бұқаралық ақпарат құралдары, мәдениет орындарын айтуға болады. Ішкі факторлар ретінде темперамент басымдылығы, икемділік, экстриверттік немесе интроверттік, жыныстық және жас ерекшелігінің көрсеткіші алынады.

Ю. Н. Караулов тілдік тұлғаны «оның тілі арқылы көрінетін психологиялық, этикалық, әлеуметтік және т.б. компоненттердің жиынтығынан тұратын адам» [5, 86-6.] деп түсіндірді.

Тілдік тұлға туралы болжам оның эрудициясының кеңдігі, сөз байлығы, шешендік өнерді толық меңгеруі негізінде қалыптасады. Тұлғаның құрылымының үлкен және кіші қырлары болуы мүмкін. Тұлғаның үлкен қырының өлшемдеріне ақыл-ой, дүние туралы білім, өмірлік тәжірибе, ес, мәдени ортадағы өзін көрсетуі жатады. Тілдік тұлғаның кіші қыры түрлі коммуникативтік жағдайда басынан өткізетін сезімнен, эмоциядан тұрады. Аталған өлшемдердің әрбірі жеке тұлғаның сөзінде түрлі көрініске ие болады.

Тілдік тұлға тілдік қазынаны пайдаланумен бірге жаңа үлгілерді жасайды [2, 93-6.]. Тілдік тұлғаны зерттеу тілдік ұжымда немесе жеке тілдік тұлғаның сөзінде қолданылатын тілдік құралдарды сипаттаумен шектеліп қалмауы тиіс, керісінше, бұл құбылыстың прагматикалық, когнитивтік, этнопсихологиялық аспектілерін ескеру қажет. Аталған аспектілердің әрқайсысы сөйлеушінің тілінен көрініс табады және оған қайталанбас өзіндік ерекшелік береді.

Ғалымдардың осы тұрғыда айтқандарын жүйелей келгенде, тілдік тұлғаға «тілді жетік меңгерген, тілдік құралдарды үйлесімді пайдаланып, өзінің рухани, мәдениеттанымдық, ғылыми сұранысын қанағаттандыра алатын, болашақ кәсібіне байланысты ресми қарым-қатынас тілін меңгерген тұлға» деген анықтама беруге болады.

Тілдік тұлға әдеби тілді меңгеру деңгейіне байланысты төрт типке бөлінеді:

- 1) әдеби тілді шығармашылық деңгейде тұтынатын тип. Бұлар элитарлы тілдік тұлғалар;
- 2) әдеби тілдің ауызша, жазбаша нормаларын сақтай білетін, ара-тұра кодификацияланған нормадан қате жіберетін, сөйлеу тілі мен кітаби тіл элементтерін кей тұста айқын аңғара алмайтын мәдени-типтік орташа тип. Сан жағынан басымы да осы орташа тип;
- 3) негізінен әдеби сөйлеу тілін қолданатын, арасында қарапайым сөйлеу тіліне тән элементтерді қосып сөйлейтін тілдік-мәдени тип. Сан жағынан, шамамен, орташа типтен кейінгі орында;
- 4) қарапайым сөйлеу тілімен сөйлейтін, бейәдеби элементтер мен диалектизмдерді қолдана беретін коммуниканттар [2, 95 б.].

Сонымен, адам жоғарыдағы белгілерге қоса адамгершілік, ерік-жігер сияқты қасиеттерге бай, білімді де белсенді болса, оны тұлға деп санауға болады. «Тілдік тұлға» ұғымы тілді тұтынушының білімі мен қарым-қатынас барысында тілдік құралдарды орынды пайдалана алу қасиеттерімен байланысты түсіндіріледі.

Маман іс-әрекет субъектісі болумен қатар, коммуникативтік актінің ұйымдастырушысы ретінде көрінеді. Кәсіби қарым-қатынас жасау коммуникативтік дағдылардың дамуын көрсетеді. Мамандар қарым-қатынас жасай алуы, достық қарым-қатынасты сақтауы тиіс, сөйлесіп отырған әріптесімен тіл табыса білуі керек, басқа адамды тыңдай және түсіне білуі тиіс. Өзінің әлеуметтік қызметінде белгілі бір ақпаратты, білімді, мәдениетті, тәжірибені жеткізеді. Байқағыштық, эмпатия, рефлексия, шыдамдылық адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға, алға қойған мақсатқа жетуге мүмкіндік береді.

Сонымен, тілдік тұлға өз ойын дәл, түсінікті жеткізу үшін біліммен қаруланып қана қоймай, тілдік құралдарды ұтымды пайдалана білуі қажет. Тілдік құралдар тұлғаның сөз мәдениетінен көрініс табады. Сөз мәдениеті – тілдік тұлғаның тіл қолданысындағы білім, білік, дағдыларының бірлігі. Ал сөз мәдениетінің биік шыңы тілдік тұлға көрсеткіші болып табылады.

Осы айтылғандарды қорытындылай келгенде мемлекеттік қызметшінің тілдік тұлғасы:

- тілді жетік меңгерген;
- тілдік құралдардың үйлесімді пайдаланып, өзінің ғылыми, мәдениеттанымдық, рухани сұранысын қанағаттандыра алатын;
- кәсібіне байланысты ресми қарым-қатынас тілін меңгерген тұлға деген анықтама бевге болады.

Қоғам мүшелерінің сөз мәдениетін жетілдіру үшін мемлекеттік қызметшілерге тілдің байлығын, қазіргі әдеби тілдің тазалығын сақтау жүктеліп отыр, олардың тілі әдеби тілдің бірден бір көрсеткіші ретінде танылуы керек.

Мемлекеттер арасында ынтымақтастық орнату мақсатында қолданылатын сөздің орындылығы ерекше маңызға ие. Шетелдермен келіссөз жүргізу мақсатында қызмет бабымен шығатын мамандық иесі – елші. Яғни келіссөздер жүргізу барысындағы дипломаттың сөзі мен дипломатиялық құжаттың мазмұны – мемлекеттің сыртқы әлеммен байланысқа түсетін тілі. Осы мәміле барысындағы тілдің қолданысынан сол елдің сөйлеу мәдениетінің деңгейі анықталады. Дипломатиялық қызмет сөз қолданысының жауапкершілігі жоғары саласы болғандықтан, халықаралық қатынастар мамандығының білім алушыларына қазіргі әдеби

тіл нормаларын қатаң сақтауды міндеттейді, яғни инвективті және бейинвективті лексиканы қолдануда аса мұқият болуды талап етеді. Қазіргі кезде дипломаттардың тұлға ретіндегі әр түрлі қабілеттерінің жетілуінің басты факторы – оларды адамдармен тіл табыса жұмыс істеуге бағыттайтын, қоғамдағы бәсекелестікке бейімдейтін коммуникативтік әрекет болып табылады. Мұнда тұлғаның қарым-қатынас мәдениетіне, көпшілік ортасында өзін-өзі ұстау әдебіне, сөйлеу мәнеріне, этикеттік нормаларды дұрыс қолдана білуге назар аударылады. Дипломаттың тілдік тұлғасының қалыптасуы алған білімін өмір сүрудің, өзін-өзі дәлелдеудің, әріптестерімен тіл табыса әрекет етудің және мемлекет атынан келіссөз жүргізудің құралы ретінде қолдана білуінен көрінеді.

Елші – бір мемлекеттің екінші мемлекетке арнайы жіберілетін өкілетті өкілі. Яғни ол барған елінде өз мемлекетінің атынан сөйлеуге, сол мемлекеттегі Қазақстан азаматтарының құқығын қорғауға, екі ел арасындағы қандай да бір мәселелерді шешуге, ынтымақтастық орнатуға тиісті. Қазақстан тарапынан елшілікке тағайындалған кез келген дипломат мемлекеттің өкілі болғандықтан, қазақ тілінде сөйлеуі тиіс. «Өзін сыйлаған өзгенің де құрметіне ие болады» деген аталы сөздің мәнін аша түсу үшін Төтенше және өкілетті елші Мұрат Әуезовтің мынадай дәлелді пікірін келтіруге болады: ...Шет мемлекетте қызмет істеген азаматтар жақсы біледі. Өз тілін білмеген маман, біріншіден, қай ортада жүрсе де, беделі төмен болады. Екіншіден, өз тілін білмеген адамға сенім арту қиын. Олар ана тілін білмеуі арқылы біздің елді былай қойып, өзі қызмет етіп жүрген өзге елдің де сеніміне ие бола алмайды. Тілді білу деген – шынайы азамат екеніңнің көрсеткіші [7].

Мемлекеттікті танытатын ерекшеліктердің қатарында тіл – ерекше маңызды болып табылады. Әр елдің мемлекеттік тілі – басқарудың негізгі құралдарының бірі екендігі белгілі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы жұмыстары да мемлекеттік тіл арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Сондай-ақ елшінің шетелдік өкілмен сауатты дипломатиялық кездесу өткізуі, мазмұнды саяси әңгіме құруы, кәсіби тиімді келіссөз жүргізуі және мәдени дипломатиялық әдептілікті сақтауы өз мемлекеті туралы жақсы пікір қалыптастырады. Сондықтан да елшінің сөз мәдениетін көтеру арқылы жеке тілдік тұлғасын қалыптастыру қажет, оған тілдесім тұрғысынан келу керек. Еркін ойлайтын, батыл шешім қабылдайтын, өз білімін кәсіби қызметінде қолданатын, өз іс-әрекетіне жауап беретін жан-жақты тұлға қалыптастыруды және интеллектуалдық деңгейінің өсе түсуін, рухани дүниесінің баюын, шығармашылық қабілетінің дамуын, ішкі мүмкіндіктерінің ашылуын мақсат етіп қойған дұрыс. Ал сөздік қоры бай, қатысымдық біліктілігі жоғары елшінің деңгейі де әрдайым жоғары болады.

Сонымен, тілдік тұлға өз ойын дәл, түсінікті жеткізу үшін біліммен қаруланып қана қоймай, тілдік құралдарды ұтымды пайдалана білуі қажет. Тілдік құралдар тұлғаның сөз мәдениетінен көрініс табады. Сөз мәдениеті – тілдік тұлғаның тіл қолданысындағы білім, білік, дағдыларының бірлігі. Ал сөз мәдениетінің биік шыңы тілдік тұлға көрсеткіші болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Борисенко И. И., Евтушенко Л. И. *Английский язык в международных документах (право, торговля, дипломатия): Учеб. пособие.* / И. И. Борисенко, И. И. Евтушенко. – М.: ООО «ИП Логос», 2003. – 480 с. – Англ. – 3-е издание, переработанное и дополненное.
- 2 Уәли Н. *Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ...дисс.: 10.02.02.* – Алматы, 2007. – 328 б.
- 3 Вильднер Х. *Дипломатическая техника.* – М., 2000. 23-бет.
- 4 Виноградов В. В. *Саясаттың тарихы туралы.* – М., 1996. – 265 б.
- 5 Караулов Ю. Н. *Русский язык и языковая личность.* – М.: Издательство ЛКИ, 2010. – 264 с.
- 6 Богин Г. И. *Некультурная коммуникация // Человек говорящий: Язык, культура, познание.* – М.: Институт языкознания РАН, 1995. – С. 70–85.
- 7 Алаш айнасы // *Республикалық қоғамдық-саяси күнделікті газет.* 26 ақпан 2014.